



Алматы телекоммуникация және машина жасау колледжі ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Алматы қаласы бойынша департаменті жас өспірімді тәрбиелеу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша төмендегідей жұмыстар жүргізілді.

«Баланың жақсы азамат болып өсуі үшін ата-аналар балаға нені үйрету керек?» тақырыбында ата-аналар арасында сауалнама алынып, нәтижесі шығарылды. Зерттеу барысында колледж бойынша 180 респондент сауалнамаға қатысты. Әлеуметтік сауалнаманың мақсаты - ата-аналар мен балалардың өзіндік ерекшеліктерін зерттеп, ата-ананың балаға қатынасын, тәрбиелеуде қолданатын әдіс-тәсілдерін, колледж бен отбасының бала тәрбиесіндегі бірлескен іс-әрекетінің ерекшеліктерін анықтап, оны жетілдіруге көмек жасау. Респонденттерге «Бала тәрбиесінде жұбайыңызбен ақылдасып отырасызба?» «Біз қандай ата-анамыз» «Бала тәрбиесінде колледждің алатын рөлі қандай?» және т.б сұрақтар қойылды.

<https://www.instagram.com/p/CKi4qxMFZMQ/?igshid=19jpk6ll2ifkc>

Алматы телекоммуникация және машина жасау колледжі жасөспірімдерге тағылымды тәрбие беру, басқаның затын пайдалану адамгершілікті қасиеттерге ұғындыру мақсатында «Әмиян жоғалттым оны қайтару мүмкіндігі қай елде басым?» тақырыбындағы челлендж жарияланды. Бұл челленджды Алматы мемлекеттік көлік және коммуникациялар колледжінен қабылдап, Алматы мемлекеттік бизнес колледжі студенттеріне жолдадық.

<https://www.instagram.com/p/CKgpW21J2ir/?igshid=1999mo7isd36p>

Алматы телекоммуникация және машина жасау колледжінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы **«ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРМЕ!»** тақырыбында ZOOM бағдарламасы бірінші курс білімалушыларына тағылымдамалық АДАЛДЫҚ ТӘРБИЕ сағаты ұйымдастырылды.

Тәрбие сағатын директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ыбырай Құрманғалиұлы Әзімханов жүргізді.

Адалдық тәрбие сағатының басты мақсаты – рухани адамгершілік тәрбиені дамытып, жас өрендердің бойында патриоттық рухани қасиеттерін

ояту. Еліміздің болашағы жас ұрпақтың қолында, жас ұрпақтың болашағы ұстаздардың қолында болғандықтан жеткіншектерді жат қылықтан аулақ етіп тәрбиелеуге ат салысу баршамыздың парызымыз.

Іс – шарада Ыбырай Құрманғалиұлы «Адалдық - борышың» тақырыбында арнайы баяндама жасады. Сонымен қатар колледж педагог – психологы Адина Мұратқызы онлайн түрде тәрбелік - әдістемелік ойын өткізді.

АТЖМЖ колледжінде «Саналы ұрпақ» клубының мүшелерімен, осы тақырыпқа байланысты іс – шаралар дәстүрлі түрде жұмысын жалғастыра бермек.

. <https://www.instagram.com/p/CKimuG5IF8k/?igshid=1jfeh5odkiqk3>

ДТІЖО _____ Азимханов И.К.